

№ 4 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша бракераждық комиссия отырысы

ХАТТАМА № 1

Бұгін, 9 – қыркүйек 2024 жылы, № 4 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы мен бракераждық комиссияның отырысы болып отыр.

Катысқандар - 6

Күн тәртібінде:

1.2024 -2025 оку жылындағы мектептегі тамақтану жағдайы мен сапасын бағалау үшін бракераждық және мониторингтік комиссиясының жұмысын қорытындылау .

Тындалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Тулеғенов сөз алды.

2024-2025 оку жылында Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бүйрығымен бекітілген «Білім беру обектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып, мектеп асханасының ас блоктарында дайын тағамдар сапасын органолептикалық бағалау жүргізу мақсатында 03.09.2024 жылы № 91/1 бүйрығымен бракераж комиссиясы құрылады. Мақсаты: тегін ыстық тамақтың үйымдастырылуын, асхананың санитарлық жағдайын, аз мәзірі мен азық – тұліктедің сапасы мен сақталуын бақылау. Сонымен қатар, бракераж комиссиясының жылдық жоспарын бекіте отырып, білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің өз деңгейінде жүргізуін қатаң бақылауга алынатынын мәлімдеді. Комиссия мүшелеріне мектеп асханасының жұмыс режиміне сай жұмыс жасауын , тамақтану нормаларының сақталуын, асхана тазалығын, тағамдардың дұрыс берілуін бақылау жүзеге асырылды.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша комиссияның құрамына төмендегі міндеттер түсіндірілді: Ас блогындағы , асхана жұмысының үйымдастырылуы,тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру,сактау шарттарын, өнімдерді өткізу мерзімдерін, тамақ дайындау сапасын, тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігі, ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау. Комиссия құрамы барлық тексеру кезінде, мектеп асханасының барлық жай –күйімен танысты. Санитарлық нормаларға сай барлық құрылғылар жұмыс жасап тұр. Пісіру пештерінің жай –күйі жақсы, таза. Асхана ішінің жағдайы жақсы. Қажетті заттар жеткілікті. Сатылымдағы тағамдардың беті жабық , сатуға тиым салынған тағамдар сөрелерде жоқ. Асхана қызметкерлерінің тұрмыстық бөлмелерінің жағдайы қалыпты. Су крандарының жұмыс жасауы қалыпты. Ас ішүү залындағы жиһаздардың жағдайы жақсы, таза. Тамақ ішетін столдардың беттері дастарханмен жабылған, қағаз сұрткіштер қойылған. Күнделікті ас мәзірі ілінген, күндік норма алғынған. Қол жуатын раквиналар жасап тұр.

Ас ішетін залдағы стенде перспективалық ас мәзірі, 2 апталық ас мәзірі, тыйым салған тағамдардың тізбесі,сатылымдағы тағамдардың атауы, бағасы мектеп басшысының, мектеп

арендаторының мөрімен расталып, бектілген. 2024 жылдан бастап 2 апталық ас мәзірі енгізілді. Бір балаға бір күндік тамақтану құны – 603 тг Аз қамтылған және ерекше санаттағыбалалардың саны -5. 1-4 сыныптар арасында-202 оқушы тамақтанады. I ауысымда – 111 бала, II ауысымда -91 бала тамақтанды. Мектеп медбикесімен бірге асхана жұмысын үнемі бақылауда болды. Тамақтардың құйылу нормасын бақыланды. Тамақтардың дайындалу сапасы жақсы, нормаға сәйкесболды .Дайын өнімдер мен шикі заттардың сақталу орны таза. Қабылданатын азық-тулік өнімдерінің сапасын сактау шарттары мен мерзімдері талапқа сәйкес тағамды жасау технологиясы сақталған, тоңазытқыштардың жұмыс жасауы қалыпты. Тамақтардың сақталуы, тауар көршілестігі сақталды.

Асхана қызметкерлеріне шағым түскен жок. Жұмысқа рұқсат етілген санитарлық кітапшалары бар, мерзімі жарамды. Тұрмыстық бөлмелері таза, асхана жұмысына қатысты журналдарын медбике толтырады. Жыл басынан бері барлық жазбалар түсірілген. Тексеру сәтіндегі күндік ас мәзірі перспективалық ас мәзірімен сәйкес келеді. Мектеп оқушылары үшін ауыз су мәселесі қарастырылған. Мектептің екі қабатында да су ішетін қондырғылар (су бүрқақтары) орналастырылған.

Тамақтардың сақталуы жақсы . Ұн , макарон ,күріш ,жарма т.б. өнімдері арнайы ыдыстарда сақталған және жерден биік жерге қойылған. Барлық ыдыстардың маркировкалары бар, ас блогында пайдаланылатын ыдыстардың барлығы таңбаланған. Раквиналары таза, асхана қызметкерлерінің ауысымды халаттары ілінген , қоқыс тастайтын контейнерлері бар , тамақты тасымалдау жұмысы жақсы. Тоңазытқыштар таза , жуылған , санитарлық жағдайы жақсы. Қолданылатын ыдыс-аяқтар саны жеткілікті, тексеру кезінде сынған, закымданған фактілер анықталған жок.

Ұсыныс:

1. Білім алушылар мен тәрбиленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыру санитарлық талаптарға сай жүргізіліп, алдағы оқу жылында да мектеп әкімшілігі тарапынан қатаң бақылауда болсын.

Комиссия төрагасы:

Хатшы:



А.А.Тулегенов

А.Нұркенқызы